

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы арналған стипендиясын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары арасында бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 26 маусымдағы № 271-НҚ бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 27 маусымда № 34612 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 қаулысының 4-тармағына сәйкес, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылға арналған стипендиясын бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Ұылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 14 мамырдағы № 226 бүйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылға арналған стипендиясын министрліктер арасында бөлуді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34367 болып тіркелген) іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы арналған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары арасында бөлу (бұдан әрі – бөлу) бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Білім және ғылыми жұмыс департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;
 - 3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары "Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 07 сәуірдегі № 136 бүйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6936 болып тіркелген) тиісті қаржы жылына

арналған қаржыландыру жоспарларында қараптырылған қаражаттар шегінде қосымшада көрсетілген бөлуге сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын төлеуді жүзеге асырын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрі*

A. Балаева

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрі
2024 жылғы 26 маусымдағы
№ 271-НҚ бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылына арналған стипендиясын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары арасында бөлу

№	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының атауы	Стипендия	
		Студенттерге	Магистранттарға
1.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Күрмангазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" республикалық мемлекеттік мекемесі	4	0
2.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі	10	1
3.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі	1	0
Барлығы:		15	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК